

**Сабилова Дина Алтайқызының**  
6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша  
«философия докторы» (PhD) ғылыми атағын алу үшін ұсынылған  
«Қазақстан әдебиетіндегі отбасы көркемдік әлемі: типологиясы мен зерттеу  
әдістемесі» диссертациясының  
АНДАТПАСЫ

**Зерттеу өзектілігі.** Адамды отбасынсыз елестету мүмкін емес. Ұлт пен мемлекеттің салауаты адамның отбасында қалыптастырылған адамгершілік қасиеттеріне байланысты.

Бүгінгі таңда отбасы институты терең дағдарысқа ұшырауда, бұл қоғамның рухани-адамгершілік және психологиялық ахуалына үлкен әсерін тигізіп отыр. XX ғасырдың аяғы бірқатар жағымсыз құбылыстармен есте қалды. Соның ішінде әсіресе неке институтының, яғни отбасы институтының құлдырауы ерекше назар аудауды талап етеді. Жылдан-жылға ажырасулар, толық емес отбасылар, тастанды және некесіз туылған балалар саны көбеюде. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу ұстанымдары туралы дәстүрлі көзқарастар өзгеруде. Қазіргі кезде қоғам бөлшегі болып табылатын адамдар бірлестігінің біртұтас бастапқы формасы - отбасының өмірлік циклының барлық кезеңдерінде, құрылған күнінен бастап жойылуына дейінгі дамуында елеулі өзгерістер болғаны айқын байқалады.

Осындай жайсыз құбылыстардан арылу үшін мемлекетіміз отбасы мәртебесін көтеру бағытында бар күшін салып жатыр. Қазақстанда Отбасы күні атты жаңа мереке тағайындалған, ол алғаш рет 2013 жылдың 8 қыркүйегінде тойланды. Кейінірек ол қыркүйектің әр екінші жексенбісінде атап өтілетін болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығында айтылғанындай, бұл мерекенің негізгі мақсаты – соңғы кезде белең алған көптеген отбасылық проблемаларға қоғамның назарын аудару. «Отбасы күні - әрбір мемлекеттің демографиялық саясатына, экономикалық - әлеуметтік дамуына әсер ететін заманауи қоғамның негізгі ұйымы ретінде отбасының маңыздылығын айқындайды»

Соңғы бес жылдың ішінде отбасына ерекше көңіл бөлу идеясының аясында елімізде отбасы маңызы әлеуметтік-мәдени және педагогикалық тұрғыдан қарастырылған бірқатар конференциялар өткізілді. 2011 жылы Алматыда өткізілген конференцияда зияткер ұлтты қалыптастырудағы отбасының ролі туралы айтылды. 2012 жылы «Берік отбасы – қоғам негізі» деген тақырыпта тағы бір республикалық конференция ұйымдастырылды. 2016 жылы өткізілген «Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі отбасы және отбасы құндылықтары» конференциясында отбасы проблемаларын талқылау жалғасын тапты.

Бүгіндері отбасы мәселелері кең ауқымда қазақстандық әлеуметтанушылар, педагогтар, психологтар, мәдениеттанушылар және т.б. ғалымдарды қызықтыруда. Қазақстан ғылымында отбасы ерекше құбылыс ретінде көбіне Х.А. Арғынбаев, С.Х. Шалғынбаева, М. Қабақова, С.А.

Ұзақова және т.б. ғалымдардың әлеуметтік және этикалық-философиялық шығармаларында қарастырылады. Қазақ ұлттық мәдениетіндегі «отбасы» концептін О.А. Агаркова мен А.В. Мезенцева зерттеген.

Қазіргі отандық ғылыми-педагогикалық әдебиетте, қоғамдық санада отбасын құндылық ретінде қарастыруға қызығушылық артуда. Отбасы ұдайы әлеуметтік толығуға, белгілі бір өмір салты, ой-сана мен қатынастардың жаңғыруына жауап беретін тұлғаны қалыптастыратын аса маңызды әлеуметтік орта болып табылады. Қазақстандық педагог ғалымдар Р.М. Қоянбаев, Г.К. Байгельдинова, А.Т. Искакова және т.б. көптеген авторлардың еңбектерінде жастардың отбасы, оның қазіргі қоғамдағы орны мен ролі туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру жөніндегі тәрбиенің басым бағыттары белгіленуде. Қазақ халқының отбасылық дәстүрлерінің тәрбиелік мәні туралы И.А. Корнилко да жазған.

Бейнелеу және ұғыну нысаны ретінде «отбасы туралы ойлар» әдебиет үшін де дәстүрлі тақырып болып табылады. Оның маңызды міндеттерінің бірі қоғамдық және әлеуметтік-мәдени сананы тәрбиелеу екені бәріне мәлім. Айнадағыдай бүкіл болмыс көрінетін әдебиет арқылы, көркем түсіндірілетін отбасы әлемі арқылы өмірлік жағдайларға әсер етіп, шынайы өмірдегі отбасы туралы түсінікті түзеуге мүмкіндік беріледі. Сондықтан әдебиетте отбасын бейнелеу құбылысын түсініп, отбасы мен отбасылық қатынастардың типтік үлгілерін анықтау және оны зерттеу әдістемесі жастардың әлеуметтік институт ретіндегі отбасын құндылық деп бағалауына әсер ететін тиімді құрал болып табылады.

Генетикалық тұрғыдан алсақ, отбасы тақырыбы фольклордан бастау алған. Диссертацияда бірқатар қазақ және орыс фольклорлы жанрлардағы отбасының қалай бейнеленгені туралы шолу жасалған. Әсіресе ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ және орыс әдебиетіндегі отбасы тақырыбын талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осындай шолудың нәтижесінде жинақталған зерттеу тәжірибесі еңбегіміздің негізгі тақырыбы – Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі отбасының көркемдік әлеміне көшуге мүмкіндік береді.

ХХ-ХХІ ғасырлардың аралығындағы әдебиет үйлесімін жоғалтқан күрделі әлемде өз орнын іздеген адамды бейнелейді. Бүгінгі таңда отбасы, отбасылық қатынастар арқылы адамның өзін-өзі тануы өте өзекті болып табылады. Қазіргі қазақстандық прозада жазушылар отбасының адамгершілік қағидаларын ой елегінен өткізіп, оны этномәдени ерекшеліктер тұрғысынан бағалайды, үй/үйсіздік, ер/әйел, әке/бала, ұрпақтар сабақтастығы сияқты тұжырымдық санаттарды қарастырады. Мысалы, қазақстандық жазушы А. Кимнің «Әке-орман» романында мифологиялық сарын ежелгі Тураевтар әулетіндегі үш буын – ата, бала, немеренің ХХ ғасырдағы өмір тарихына сүйенеді. Жазушы «қайғы-қасірет біріктірген жалғыз басты адамдардың толықтай еріксіз әлемін» (Г.Л. Нефагина) суреттейді, бұл қайғы сол бір әулеттің өзіндік бір генетикалық кодына айналған сияқты.

Отбасы айналасындағы негізгі мәселелердің дені ұлттық-мәдени сәйкестілік, қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі отбасы туралы дәстүрлі

түсініктердің өзгеруі, отбасылық қатынастардағы гендерлік аспект және «әкелер мен балалар» мәселесіне және т.б. қатысты.

Бірқатар қазақстандық әдебиетші-ғалымдардың еңбектерінде, оның ішінде В. Бадиков, А. Құлымбетова, В. Савельева, С. Абишева, Б. Джолдасбекова, У. Абишева, Б. Жетпісбаева, Л. Сафронова, А. Темірболат, З. Поляк, С. Ананьева және т.б. атап өтуге болады, қазақстандық жазушылардың шығармаларындағы отбасы тақырыбына көңіл бөлінген. Бірақ отбасы жеке жазушыларда жалпы мәселелер аясында қарастырылады. Осыған байланысты отбасы көркемдік әлемін біртұтас мәселе ретінде зерттеу қажеттілігі туындады.

**Диссертациялық зерттеудің өзектілігі** қазақстандық әдебиеттегі отбасы тақырыбының тарихи-мәдени мәні және оның шығарманың көркемдік әлеміндегі қазіргі қоғамның этикалық мәселелері және тұлғаның өзін тану мәселелерімен байланысы арқылы түсіндіріледі. Бүгіндері осы тақырыпқа бет бұрған қазақстандық жазушылардың көркемдік жетістіктерін ұғыну мәселесі аса өткір болып отыр.

Әдеби үдерісте көрініс тапқан тарихи қалыптасқан отбасы туралы түсініктердің өзгеруі авторлық модельдер типологиясы және отбасы көркемдік әлемін зерттеудің әдістемесі мәселелерін зерттеуді талап етеді. Отбасы көркемдік әлемін ғылыми тұрғыдан зерделеу зерттеудің бірінші кезеңі ретінде отбасы мәселесін педагогикалық тұрғыдан ұғынудың жаңа әдістері мен формаларына жол ашады. Диссертацияның басты міндеті әдебиет теориясын мәселені зерттеудің және оны оқу үдерісіне енгізудің әдістемесімен ұштастыру. «Әдеби отбасы» саласында ашылған жаңалықтар қазіргі қазақстандық отбасы мәселелерін ұғынып, шешуде маңызды қадам бола алады.

**Зерттеу мақсаты.** Осы диссертацияның мақсаты Қазақстан әдебиетінде отбасы әлемін бейнелеудің негізгі ұстанымдарын анықтау, оның көркемдік типологиясын құру және оны оқыту әдістемесін әзірлеу болып табылады. Сондай-ақ әдебиет арқылы отбасына құндылықты көзқарас қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Белгіленген мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу көзделеді:

- отбасы категориясын түрлі гуманитарлық ғылымдардың нысаны ретінде қарастыру;
- отбасын фольклор мен әдебиетте берілу дәстүрлерін егжей-тегжейлі зерттеу;
- Қазақстан әдебиетіндегі отбасы әлемі көркемдік модельдерінің типологиясын анықтау;
- «отбасы көркемдік әлемі» ұғымының теориялық негіздерін дайындау;
- отбасы көркемдік әлемін мектеп пен ЖОО-да оқытудың әдістемелік жолдарын ұсыну.

**Зерттеу нысаны** қазіргі қазақстандық жазушылардың орыс тілді прозасы болып табылады.

**Зерттеу пәні** – отбасы көркемдік әлемі теориялық категориясы, оны тәрбиелік-педагогикалық, білім беру тұрғысынан зерттеу әдістемесі.

**Зерттеу материалы:** 20-дан астам қазақстандық жазушылардың, оның ішінде Х. Әдібаев, Ю. Герт, Н. Чернова, Г. Доронин, Н. Веревокин, У. Тажикенова, Т. Павленко, К. Сарсенова, Г. Куругулина, А. Мекен және т.б. бірқатар қаламгерлердің көркем шығармалары.

Еңбектің жаңалығы отбасы көркемдік әлемі оқыту әдістемесімен бірге жүйелі ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелуі және осы тақырыптың мектептер мен ЖОО-лардағы сабақтарда жеке құбылыс ретінде ұсынылуы Қазақстан әдебиетіндегі отбасы мәселесінің біртұтас құбылыс ретінде жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі оның жан-жақты қарастырылуын, атап айтқанда, отбасы тұжырымдамасының отбасын бейнелеудің типологиялық ерекшеліктерін анықтау арқылы толықтырылуын қажет етеді. Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі отбасы тақырыбына бетбұрыс көркемдік жүйедегі типологиялық модельдерді құрумен ғана шектелмейді, оның педагогикалық ғылымдардағы орын айқындайды. Осыған байланысты екі гуманитарлық ғылымның өзара шарттылығы мен өзараықпалдастығын анықтау өте маңызды болып табылады.

Диссертация Қазақстан әдебиетіндегі отбасы әлемін адам өмірінің рухани-адамгершілік тұстары тұрғысынан қарастырған тұңғыш монографиялық зерттеу болып табылады. Іргелес гуманитарлық ғылымдардағы (философия, мәдениеттану, психология және педагогика) еңбектерге сүйену зерттеу ауқымын кеңейтіп, қазақстандық жазушылардың шығармашылығындағы отбасы әлемі туралы ұғымға дәлелді қадам жасауға мүмкіндік береді.

Бұл ғылыми жұмыстың жаңалығы ХХ –ХХІ ғ.басындағы қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде республикамыздың әдебиет әлемінде пайда болған бұрын қарастырылмаған біраз көркем шығармалардың талданып, оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуінде.

Бұл диссертацияда қазақстандық орыс тілді сөз шеберлерінің отбасындағы қатынастар тақырыбына жазған прозалық шығармаларындағы жаңашыл үрдістерді бақылап, қазіргі әдеби үдеріс пен қазақстандық орыс тілді әдебиетінің көркемдік дәстүрлерінің арасындағы өзара байланысты көрсетуге талпыныс жасалған. Отбасы туралы шығармаларды әдістемеде пайдалану мүмкіндіктері еңбектің маңызды құрандысы болып табылады.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Қазіргі ғылыми парадигмада отбасы тақырыбын зерттеудің әлеуметтік-мәдениеттанушылық маңызы зор. Бірқатар гуманитарлық ғылымдардың отбасы мен оның дамуын сипаттауы, оның тәрбиелік мәнін ашуы әдебиетті оқыту теориясы мен әдістемесі үшін маңызды мәселелер шеңберін айқындайды.

2. Отбасы қазақ және орыс фольклоры, қазақ және орыс әдебиетінің этикалық және эстетикалық құрандысы болып табылады. Олардағы отбасын суреттеудің ерекшеліктері отбасы көркемдік әлемі тұжырымдамасын қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Отбасы әлемін қазіргі Қазақстан

әдебиетінде жанрлық-тектік қимада қарастыру, оның ішкі проблематикасын, авторлық модельдеуін анықтау поэтиканы қалыптастыруға себін тигізеді.

3. Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі отбасылық қарым-қатынас түрлерінің типологиясы бұл тақырыпқа қатысты көзқарастардың алуан түрлілігін көрсетеді. Қазақстанның орыстілді жазушылары көркем шығармаларына негізделген теориялық модельдеу отбасы мен отбасылық қатынастардың үш түрін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: мінсіз отбасылық қарым-қатынастар, отбасы бақыт іздеу жолында, өзгерген отбасы.

4. Көркемдік әлемі жалпытеориялық мәселесі оның жеке құрандысы отбасы көркемдік әлемін қарастыруға негіз болады. Оны түсіндіру, зерттеу және енгізу әдістемесі білім беру үдерісінің барлық сатыларында: мектеп – ЖОО – ЖОО-дан кейінгі білім беруде жүзеге асырылады. Оқу үдерісіне «отбасы көркемдік әлемі» жаңа моделін енгізу теориялық базаны тереңдетіп, әдебиеттану құзыретін кеңейтуге, тәуелсіздік дәуіріндегі ең жаңа әдебиетті меңгеруге және құндылық бағдарларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Жұмыс кіріспе, 3 бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.

Кіріспеде тақырыптың таңдалуы және өзектілігі негізделеді, оның зерттелу дәрежесі көрсетіледі, зерттеу нысаны, пәні, негізгі мақсаттары мен міндеттері анықталады, диссертациядағы жаңалық элементтері, қорғауға ұсынылатын қағидалар, еңбектің теориялық және практикалық мәні, сынақтан өткізілуі, жұмыстың құрылымы баяндалады.

«Отбасы ғылыми және көркемдік ұғыну категориясы ретінде» атты бірінші бөлімде 3 параграфта әлеуметтік-мәдени және көркемдік тұрғыдан отбасының құндылық мәртебесі сипатталады. Адам әлеуметтенуінің маңызды формасы ретіндегі отбасы ұғымының қалыптасуына философия, психология, педагогика және, әрине, әдебиет үлкен үлес қосты. Отбасы қазақ және орыс фольклорында да, әдебиет дәстүрлерінде де халықтың тарихи жадын құрайды, адамгершілік қағидаларын бекітуге, балаларды тәрбиесіне қызмет етеді. Диахрондық тұрғыдан алғанда, отбасын суреттеу түрлі жанрлық-тектік бағытта жүзеге асырылды. Ғылым мен әдебиет фольклордан ХХ ғ. аяғындағы әдебиетке дейін – шартты түрде алғандағы барлық осы пререквизиттік бөлімді меңгеру мәселенің түп тамырына үңіліп, оны жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл бөлімнің соңында отбасын суреттейтін қазіргі орыстілді қазақстандық әдебиетке шолу жасалады. Жанрлық-тектік, сюжеттік-композициялық ерекшеліктер, түпкі ой мен оның жүзеге асырылуы қарастырылады.

«Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі отбасы көркемдік әлемінің типологиясы» атты екінші бөлімде отбасын үлгілеу ұстанымдары байыпталады, үш түрлі модель ұсынылады. Бірінші типі – бұл У. Тажикенова, Н. Чернова, Т. Павленконың хроникалық прозасындағы мінсіз қарым-қатынастар түрі. Олар дүние діндегі болып табылатын, әдет-ғұрыптар мен адамгершілік қағидастарын сақтаушы дәстүрлі патриархалды тұрмыс салтындағы отбасын бейнелейді. Екінші тип – бақыт іздеу жолындағы отбасы. Бұл отбасының ерекшелігі - К. Сарсенова мен Х. Әдібаевтың

прозасындағы бақыт іздеген бірнеше отбасылық жұп тек қазіргі кезде емес, басқа уақыт пен кеңістік континуумында да бір-біріне қарама-қарсы қойылады. А. Құдайқұлова, А. Кан және Г. Дорониннің прозасында бейнеленген үшінші тип отбасылық қағидалардың өзгеруін көрсетеді. Қоғамдық дағдарыс, елдің бүлінуі мемлекеттің негізгі тірегі – отбасының күйреуіне әкелді, өйткені ол қоғамдағы осыншама қарқынды өзгерістерге дайын емес еді.

Теориялық бөлімінде алынған нәтижелер маңызды және әдістемелік енгізуді, яғни шартты түрде «постреквизиттік» жүзеге асырылуын талап етеді. Үшінші бөлімінде 20 жыл бойына Абай атындағы ҚазҰПУ-дің орыс тілі және әдебиеті кафедрасында В.В. Савельева, С.Д. Абишева, Л.В. Сафронова, Г.Г. Лукпанова, З.Н. Поляк, Т.П. Чаплышкина, М.С. Асылбекова сияқты оқытушылармен зерттеліп жүрген «көркемдік әлем» категориясының түсініктемесі беріледі. Ол Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары жазған орыс әдебиетінен 5-11 сынып оқушыларына арналған жаңа буын оқулықтараның тұжырымдамалық негізі болып табылады, соның негізінде осы диссертация орындалған. Диссертацияда зерттелген көркемдік әлемнің бір жеке бөлігі – отбасының көркемдік әлемі теориялық жүйеге келтіріліп, қисынды түрде әдістемеде өз орнын тапқан.

Жүргізілген ғылыми зерттеу қорытындылары негізінде отбасы тақырыбын талданатын қазақстандық авторлардың шығармалары мысалында білім беру жүйесінің түрлі деңгейлерінде және түрлі күрделілік деңгейлерінде оқыту әдістемесі ұсынылды. Тәжірибе ретінде осы тақырып бойынша Алматы қаласының мектептерінде сабақтар дайындалып, өткізілді. Отбасы тақырыбындағы шығармалар бойынша бакалавриатта жүргізілген сауалнама отбасындағы құнды қатынастарды анықтап, 4 курстарда «Қазіргі әдеби үдеріс» пәні бойынша бірқатар семинарлық сабақтар өткізуге мүмкіндік берді. Магистратура мен докторантураның «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған «Отбасы көркемдік әлемін зерттеу» таңдау бойынша курстарының ПОӘК құрастырылды. Олардың сапасы Абай атындағы ҚазҰПУ-да сыналды. Барлық аталған тәжірибе түрлері қазіргі Қазақстан әдебиеті студенттерді отбасылық құндылықтарды құрметтеуге үйретіп, әдебиет арқылы өзін-өзі тануына ықпал етеді деген педагогикалық және білім беру гипотезасын растайды.